

## "Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қайта құру және қаржы-экономикалық жағынан сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 3 қарашадағы N 1446 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.**

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамының қаржы-экономикалық жай-күйін сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Павлодартрактор" акционерлік қоғамы өзінің еншілес кәсіпорындарымен бірге қарызын өтеуге шамасы жоқ борышкер деп танылсын және соттан тысқары қайта құру процедуралары жүргізілетін болсын.

2. "Павлодартрактор" акционерлік қоғамында қайта құру процедураларын жүргізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия /әрі қарай - Комиссия/ қосымшаға сәйкес құрамда құрылатын болсын, осы Комиссия бір ай мерзімде:

өндірістік қуаттарды құрылымдық жағынан қайта құру мен бөлуді және  
кәсіпорын басшыларын алмастыруды;

қарыздардың құрылымын талдау мен оларды өтеудің немесе мерзімін  
ұзартудың тетігін әзірлеуді;

пресс өндірісін дамытуға пайдаланылған шетелдік кредитті өтеу жөніндегі  
ұсыныстар әзірлеуді;

өндірістік қуаттардың ұсынылған бөлінуіне сәйкес жекешелендірудің схемасын әзірлеуді қоса алғанда "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру жөніндегі кезек күттірмейтін шаралардың жоспарын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының қарызын өтеуге шамасы келмейтін мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау мен тарату жөніндегі Ведомствоаралық комиссияға табыс етсін.

3. Павлодар облысының әкімі, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Павлодар аумақтық комитетінің төрағасы Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен Қаржы министрлігінің қатысуымен екі ай мерзімде "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының балансындағы әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілерін "Кәсіпорындардың балансындағы әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілерін жергілікті атқарушы органдарға беру мен оларды

одан әрі пайдалану тәртібі жайындағы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 975 қаулысына /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 282-бап/ сәйкес жергілікті атқарушы органдарының қарауына беру мен қабылдау жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігі Павлодар облысының әкімі мен "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы екі ай мерзімде "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының босатылған қызметкерлерін жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеп, бекітетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен Экономика министрлігі, Павлодар облысының әкімі "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының өндірістік қуаттарын жұмыспен қамту үшін инвесторларды тарту мүмкіншілігін қарастыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Экономика министрлігі мен Ауыл шаруашылық министрлігі "Сельхозмаш" акционерлік компаниясы мен "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының қатысуымен 1955 жылғы 10 қарашаға дейін сыртқы және ішкі нарықтағы шынжыр табанды және дөңгелекті тракторларға деген сұранысты ескерумен мұндай тракторларды шығарудың ұтымды бағдарламасын, лизингті қоса алғанда, жүзеге асырудың қаржы тетігін әзірлей отырып анықтайтын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Экономика министрлігі мен Қолік және коммуникациялар министрлігі "Алға-Автомоторс" ұлтаралық автомобиль консорциумының 1995-1998 жылдары "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының бос тұрған өндірістік аландарында "General Bearing Corporation" және "General Motors Corporation" американ компанияларының қатысуымен "Пикап" үлгісіндегі шағын тоннажды жүк автомобильдерін жасап шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы ұсынысын қарайтын болсын және екі апта мерзімде шешімнің келісілген жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізетін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Эксимбанкі 1995 жылғы 15 қарашаға дейінгі мерзімде Павлодар облысы әкімінің "Екібастұз" мемлекеттік акционерлік қоғамы мен MAN "TACRAF" фирмасының "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының бос аландарында герман кредит желісін пайдаланып кен-шахта жабдықтарының бөлшектері мен

тораптарын жасап шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру туралы ұсынысын қарайтын болсын.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 3 қарашадағы

N 1446 қаулысына

қосымша

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамында қайта құру  
процедураларын жүргізу жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының  
құрамы

Шевелев В.В. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп  
және сауда министрінің орынбасары,  
комиссияның төрағасы

Рюмкин А.В. - Павлодар облысы әкімінің орынбасары,  
комиссия төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері

Әбітаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрінің орынбасары

Әлібаев С.Б. - Мемлекеттік мұлікті басқару  
жөніндегі Павлодар аумақтық  
комитетінің төрағасы

Әлияров Р.А. - Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі Бас  
басқармасы бастығының орынбасары

Бәйменов А.М. - Қазақстан Республикасы Еңбек  
министрінің орынбасары

Баймағанбетов Р.А. - Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік мұлікті басқару  
жөніндегі мемлекеттік комитетінің  
жанындағы кәсіпорындарды қайта құру  
жөніндегі агенттік директорының  
орынбасары

Гузеева Л.В. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі басқармасы бастығының  
орынбасары

Дуберман Ю.Е. - Қазақстан Республикасының  
Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік  
комитеті төрағасының орынбасары

Дүйсембаев М.К. - "Сельхозмаш" акционерлік  
компаниясының президенті

Иманалиев Б.К. - Қазақстан Республикасы Үкіметі  
Аппаратының Экономикалық саясат  
жөніндегі бөлімінің аға референті

Қайбалин Е.Х. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрлігі басқармасы бастығының  
орынбасары

Қанахин А.У. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп  
және сауда министрлігінің машина  
жасау департаменті директоры

Қынатов М.П. - Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік Медетші банкінің бөлім  
бастығы

Насянов А.Б. - Қазақстан Республикасы Эксимбанкі  
басқармасы төрағасының орынбасары

Овчинников А.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметі  
Аппаратының Өнеркәсіп және сауда  
бөлімінің аға референті

Пыхтин В.И.

- Павлодар қаласының әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК